



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 4 маусым

### Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 9% деңгейіне дейін төмендетті

4 маусымда Ұлттық Банк пайыздық мөлшерлемелердің симметриялық дәлізін +/-1% деңгейінде сақтай отырып, базалық мөлшерлемені 9% деңгейіне дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Өтімділікті беру және алу операциялары бойынша мөлшерлемелер тиісінше 10% және 8% деңгейіне дейін төмендетілді. Бұл жөнінде бүгін Алматы қаласында телевизиялық БАҚ үшін брифингте сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Ол ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі базалық мөлшерлеме деңгейінен кейін 9%-ға дейін төмендегенін атап өтті.

Бұл шешім жылдық инфляция деңгейінің және халықтың инфляциялық күтулерінің одан әрі төмендеуіне, сондай-ақ мұнайдың әлемдік нарықтардағы қолайлы үрдістермен байланысты болды.

Жылдық инфляция мамырда нысаналы дәліз ішінде төмендеуін жалғастырды және 6,2%-ды құрады. Сәуірде Ресей рублінің ауытқулары және теңгенің номиналдық айырбастау бағамының әлсіреуі аясында 6,3%-ға дейін артуынан кейін мамырда бір жыл алға күтілетін инфляция 6,0%-ға дейін төмендеді. Күтілетін инфляция жылдың басынан бері инфляция деңгейінің төмендеуінен басып озып, 1,1 пайыздық тармаққа төмендеді.

«Базалық мөлшерлеменің жаңа деңгейі, біздің бағалауымызша, инфляцияның ағымдағы жылға арналған және келесі жылға арналған нысаналы дәліз ішінде сақталуына, сондай-ақ 2020 жылдың соңына қарай инфляция бойынша 4% болатын орта мерзімді бағдарға қол жеткізуге ықпал ететін болады», - деді Д.Ақышев.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2018 жылғы 9 шілдеде Астана қаласының уақытымен сағат 17:00-де жарияланатын болады.

### **Д.Ақышев – Жылдық инфляция мамырда нысаналы дәліз ішінде төмендеуін жалғастырды және 6,2%-ды құрады**

Жылдық инфляция мамырда нысаналы дәліз ішінде төмендеуін жалғастырды және 6,2%-ды құрады. Бір жыл алға күтілетін инфляция 6,0%-ға дейін төмендеді. Инфляциялық күтулер орнықсыз болып қалуда. Бұл жөнінде бүгін Алматы қаласында телевизиялық БАҚ үшін брифингте сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

«Бұл ретте біз инфляция бойынша бағаларды ағымдағы жылдың соңына дейін және келесі жылға қайта қарадық. Егер өткен болжам жасау раундының қорытындысы бойынша ақпан-наурызда біз инфляцияның нысаналы дәлізден төмен төмендеу тәуекелдері туралы айтқан болсақ, енді сыртқы және ішкі жағдайлардың соңғы үш айда өзгеруі инфляцияның нысаналы дәліздің ортасына жақын қалыптасатынын көрсетіп отыр», - деді Д. Ақышев.

Ол инфляцияның төмендеу қарқынын шектейтін негізгі факторлардың арасынан

азық-түліктің әлемдік бағасының көтерілуіне, сауда әріптес – елдер тарапынан инфляция импортын және тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың артуы аясында ішкі тұтынудың өсуіне тоқталуға болатынын атап өтті.

Д. Ақышев сауда әріптес – елдердегі инфляция белгіленген нысаналы мәндерінен төмен тұрғанын айтып берді. Бұл ретте болжамдық бағалаулар оның ағымдағы жылдың соңына дейін үдеп, нысаналы бағдарларға жететінін көрсетіп отыр. Сондықтан болашақта ішкі инфляцияға проинфляциялық қысымның өсу тәуекелі артады.

«Азық-түліктің әлемдік бағасы индексінің сәуірде жылдық көрсеткіш бойынша 2,7%-ға өскенін көрсетті. Еттің, қанттың және өсімдік майының әлемдік баға индекстерінің төмендеуіне қарамастан, астық пен сүт өнімі бағасының өсуі жалғасуда. Сыртқы экономикаларда монетарлық талаптардың қатаңдағаны не олардың жұмсаруының тоқтауы байқалуда. Мәселен, ФРЖ-ның негізгі мөлшерлемесі мамырда 1,75%-ға дейін 0,25 пайыздық тармаққа көтерілді. Дамушы нарықтардан капиталдың әкетілуімен АҚШ-тағы ақша-кредит саясаты қалыпқа келді, бұл Қазақстан үшін тәуекелдің қосымша факторы болып табылады», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы Ресейдің Орталық Банкі инфляцияның көтерілуі және оның 4%-дық нысаналы бағдарға жетуі бойынша күтулер жағдайында негізгі мөлшерлемені өзгеріссіз қалдырғанын атап өтті.

Сондай-ақ Д. Ақышев айтып бергендей, ішкі экономикада жылдың басынан бері үй шаруашылықтарын тұтынудың ұлғаю үрдісі байқалды. Бұған халықтың нақты ақшалай кірістерінің өсуі себепші болды, ол 1-тоқсанда жылдық көрсеткіш бойынша 3,7% болды. Тұтынушылық кредиттеудің ұлғаюы байқалуда. Бір жылда тұтынушылық мақсаттағы кредиттердің өсуі 18,5%-ды құрады.

«Жағымды факторлардың ішінде әлемдік мұнай нарығы тарапынан қолайлы әсерді атап өткім келеді. Жыл басынан бастап мұнайдың бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 70 АҚШ долларына жақын деңгейде қалыптасып отыр, бұл елдің төлем балансы позицияларының жақсаруына ықпал етеді. Алдын ала деректер бойынша 2018 жылғы бірінші тоқсанда сауда балансы өсті және 6,1 млрд АҚШ доллары деңгейінде қалыптасты, ағымдағы шот іс жүзінде баланста қалып отыр», - деп сөзін қорытындылады Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

#### **Д. Ақышев – Экономикалық белсенділік өсуде**

Экономикалық белсенділік өсу серпінін, оның ішінде мұнай нарығы тарапынан қолайлы әсер есебінен сақтады. Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың мәні 2018 жылғы қаңтар-сәуірде жылдық көрсеткіш бойынша 5,0%-ды құрады. Бұл жөнінде бүгін Алматы қаласында телевизиялық БАҚ үшін брифингте сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Ол өсуге тау-кен және өңдеуші өнеркәсіптер, байланыс, сауда, сол сияқты ауыл шаруашылығындағы өсудің жақсару серпіні оң үлес қосты деп атап өтті. Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі 2018 жылғы қаңтар-сәуірде 28,9%-ды құрады.

«Ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде қалуын жалғастыруда. Алайда ағымдағы жылдың соңына дейін және келесі жылы инфляцияның төмендеу қарқынын шектеуі мүмкін тәуекелдердің сақталуы Ұлттық Банктің ағымдағы жылы базалық мөлшерлемені одан әрі төмендетуін шектейді», - деді Д. Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы инфляциялық күтулерді басқару және оларды одан әрі төмендету мақсатында болашақта ақша-кредит талаптары неғұрлым қатаң сипат алу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды деп атап өтті.

#### **Д. Ақышев – Нарықта артық өтімділік сақталуда**

«Ішкі қаржы нарығындағы ағымдағы ахуалға келер болсақ, 2018 жылғы 5 айда, алдын-ала деректер бойынша, Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері 1,4%-ға өсті. Елдің халықаралық резервтерінің жиынтығы 90,4 млрд. АҚШ долларына жетті», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Ол ақша нарығында артық өтімділік сақталуда, ол проинфляциялық қысымды шектеу мақсатында басым түрде ноттарды шығару арқылы алынады деп толықтырды.

«1 маусымдағы жағдай бойынша Ұлттық Банктің өтімділікті таза алуы 3,3 трлн. теңгені құрады. Айналыстағы қысқа мерзімді ноттардың көлемі жыл басынан бері 26,3%-ға ұлғайып, 4,0 трлн. теңге болды. Ноттар бойынша кірістілік мамырда мерзімділігіне қарай 8,26-8,44% аралығында қалыптасты», - деп түйіндеді Д. Ақышев.

Сөзін қорытындылай келе, Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы тікелей РЕПО операциялары бойынша Ұлттық Банктің ашық позицияларының көлемі 253 млрд. теңге, кері РЕПО операциялары бойынша 186 млрд. теңге, Ұлттық Банктегі банктік депозиттер көлемі 301 млрд. теңге болғанын айтты. TONIA мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізінің төменгі шегіне жақын қалыптасуда. Ол 2018 жылғы 1 маусымның қорытындысы бойынша 8,25% болды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)